

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрлігінің
2013 жылғы 27 желтоқсандағы
№512 бұйрығымен бекітілген
лауазымдардың үлгілік біліктілік
сипаттамаларына сай қайта әзірленген



Бердимбетов Д.С.

Директор туралы

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

1.Лауазымдық міндеттері

- 1.1. Тәрбие-білім беру және әкімшілік-шаруашылық процестерінің барысы мен дамуын талдайды.
- 1.2. Өз жарғылық міндеттерін жүзеге асыру саласындағы перспективалық мүмкіндіктерді, лауазымдық міндеттерді, сабақтар кестесін, жұмыс графиктерін, қызметкерлердің педагогикалық жүктемелерін, кезекті еңбек демалыстарының тарифтік тізімдері мен графиктерін бекітеді.
- 1.3. Оқу кабинеттерінде, шеберханаларда, спорт залдарында т.б. сондай-ақ барлық қосалқы орын жайларда еңбек қорғау талаптарының сақталуына жауапты тұлғаларды бекітеді.
- 1.4. Қызметі мен оның дамуына байланысты стратегиялық құжаттарды әзірлейді.
- 1.5. Басқару құрылымын, жоғары тұрған органдармен келісе отырып, жалақы қоры аясындағы штат кестесін әзірлейді және белгілейді.
- 1.6. Кәсіподағымен жасалған қауіпсіздік техникасы және еңбек қорғау жөніндегі жыл сайынғы Келісімдердің орындалуын; әр жарты жыл сайын Келісімдерді жүзеге асыруға байланысты жұмыс қорытындыларын шығарып отырады.
- 1.7. Педагогикалық кеңес жұмысын басқарады.
- 1.8. Өз орынбасарлары мен тікелей бағынатын тұлғалар қызметін бақылайды.
- 1.9. Оқушылар арасындағы жетім балалар мен ата-ана камқорлығынсыз қалған балаларға камқорлық көрсету, олардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді.
- 1.10. Ұжым мүшелерінің білім беру процесін жақсартуға бағытталған ұсыныстарын ендіруге көмек көрсетеді.
- 1.11. Қызметкерлеріне, оқушыларға, олардың ата-аналарына қызметі дамуына қатысты принципті мәселелер бойынша кеңес береді.
- 1.12. Қызметі мен даму бағдарламаларына түзетулер енгізеді.
- 1.13. Оқушылардың немесе жұмыскерлердің денсаулығына қауіпті жағдайлар орын алған жерлерде білім беру процесін жүргізуге тиым салады.

2. Құқықтары

- 2.1. Қызметіне қатысты кез келген басқару шешімдерін қабылдауға.
- 2.2. Атынан ҚР заңнамаларына қайшы келмейтін кез келген шартты жасауға.
- 2.3. Қызметкерлердің топтық және жеке жұмыс барысы мен іс нәтижелерін бақылауға, бағалауға.
- 2.4. Қызметкерлерінен тәрбие, білім беру, эксперимент, зерттеу және шаруашылық қызметі технологияларын, кәсіби этика нормалары мен талаптарын сақтауды, мектеп қауымдастығы қабылдаған жоспарлар мен бағдарламаларды орындауды талап етуге.
- 2.5. Қажет болған жағдайда сабақ кестесіне уақытша өзгерістер енгізуге, сабақтарды кейінге қалдыруға, бірлескен сабақтар өткізу үшін топтар мен сыныптарды уақытша қосуға.

2.6. Қызметкерлеріне міндетті өкімдер беруге.

2.7. Педагогикалық кеңес бекіткен жағдайда қызметкерлерін наградалар мен құрметті атақтарға ұсынуға.

2.8. Қызметкерлеріне кәсіподақтың уәжделмелі пікірін ескере отырып қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жаза белгілеуге.

2.9. Өз құзіретіне өкілдік беруге, сенімхат тапсыруға.

3. Жауапкершілігі

3.1. Жарғысын және Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, қалалық білім беру басқармасы бастығының заңды өкімдері мен өзге де жергілікті нормативтік актілерді, лауазымдық міндеттерін, дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, оның ішінде осы нұсқаулық бойынша өзіне берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін.

Сондай-ақ білім беру процесінің бұзылуына әкеп соқтырған басқару шешімдерін қабылдағаны үшін ҚР заңнамаларында белгіленген ретпен тәртіптік жауапқа тартылады.

3.2. Қызметкерлерінің біліктілік деңгейіне, оқу жоспары мен оқу процесі графигіне сәйкес білім беру бағдарламасының жүзеге асырылуына, мектеп бітірушілер білімінің сапасына, олардың өмірі мен денсаулығына, білім беру процесі барысында оқушылар мен қызметкерлер құқықтары мен еркіндігінің заңнамада белгіленген тәртіпте сақталуына.

3.3. Баланың жеке басына тәрбиенің күштеу және (немесе) психикалық қысым жасау әдісін бір рет те болса қолданғаны үшін директоры ҚР еңбек заңнамалары мен «Білім туралы» заңына сәйкес қызметінен босатылуы мүмкін.

3.4. Білім беру, оқу және шаруашылық процестерін ұйымдастырудың өрт қауіпсіздігі, еңбек қорғау, санитарлық-гигиеналық ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік заңнамасында қарастырылған тәртіппен әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

3.5. Өз лауазымдық міндеттерін орындау (орындамау) кезінде білім беру процесіне қатысушыларға келтірген залалы үшін еңбек және (немесе) азаматтық заңнамаларда белгіленген тәртіп пен көлем шегінде материалдық жауапқа тартылады.



Кәсіподақ ұйымы

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: *[Signature]* «31» 08 2022